

«Қарым – қатынас.»



**Оқытушы: Шукманова Б.
С.**

Жаттығу : «Қарым-қатынас»

Жаттығудың ережесі қол арқылы бір - біріңізбен тез амандасып, қоштасып, ұрысып, татуласуыңыз қажет.





ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС - адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс.

Қарым-қатынас мәселесінің зерттелу деңгейі.

Қарым – қатынас - тұлғаның қалыптасуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде қарым – қатынас мәселесі шешендік өнер, эвристика және диалектика саласында зерттелді. И.А.Зимняяның айтуынша қарым – қатынас ХХ ғасырдағы жаңа мәселе. Қазіргі кезде қарым -қатынас мәселесі философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік психология, жалпы психология, педагогика, педагогикалық психология салаларында зерттелінуде. Қарым– қатынастың тұлғаның дамуындағы маңызды орнын психологтар В.Г. Ананьев, А.А.Бодалев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Ф. Ломова, А.Р.Лурья, В.Н.Мясищев, А.В.Петровский зерттеген.

Қарым - қатынастың келесі аспектілері болады:

- Мазмұны
 - Мақсаты
 - Әдіс құралдары
1. **Қарым-қатынастың мазмұны дегеніміз ол адамның ішкі мотивациялық немесе эмоционалдық күйі туралы мәліметтер болу мүмкіндігі.**
 2. **Қарым – қатынастың мақсаты дегеніміз ол - адамда белгілі нәрсеге байланысты белсенділік түрінің пайда болуы.**
 3. **Қарым-қатынастың әдіс – құралдарына мыналар жатады: тіл, суреттер, сызбалар, бейне таспалар, механикалық, магниттік, лазерлік жазба құралдар.**

Қарым-қатынастың жақтары

```
graph TD; A[Қарым-қатынастың жақтары] --> B[Коммуникативті]; A --> C[Интерактивті]; A --> D[Перцептивті]; B --- B1[-ақпарат алмасу]; B --- B2[-ақпарат беру]; B --- B3[-ақпарат тарату]; C --- C1[-ынтымақтастық]; C --- C2[-қарысылық]; C --- C3[-бұйыру]; C --- C4[-тығыз қарым-қатынас]; C --- C5[-компромисс]; D --- D1[-идентификация]; D --- D2[-эмпатия]; D --- D3[-аттракция]; D --- D4[-рефлексия];
```

Коммуникативті

- ақпарат алмасу
- ақпарат беру
- ақпарат тарату

Интерактивті

- ынтымақтастық
- қарысылық
- бұйыру
- тығыз қарым-қатынас
- компромисс

Перцептивті

- идентификация
- эмпатия
- аттракция
- рефлексия

Қарым – қатынастың типтері

Манипулятивті қарым -қатынас –партнеріне өзінің іштей мақсаттарын жасырын түрде жүзеге асыру үшін жасалынатын қарым-қатынас түрі. Қарым-қатынастың бұл түрі, әсіресе, бизнес, іскерлік қарым-қатынаста әбден орынды болғанымен, достық, жолдастық, сүйіспеншілік саласында орынсыз.



Диалогты қарым-қатынас – біріккен таным мен партнер арасындағы өзіндік танымды мақсат еткен бірдей құқықты субъекті өзара әрекет. Диалогты қарым – қатынастың ерекшелігі – эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу.



Императивті қарым - қатынас – авторитарлы (әміршіл) форма, партнердің мінез – құлқын, ойын, пікірін бақылау, қатынастағы оны белгі әрекет пен шешімге күштеу мақсатымен жүзеге асырады.



Іскерлік қарым-қатынас - тұлға ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл - күйі ескеріледі, бірақ ең бастысы істің орындалуы.



Рухани - жеке тұлғааралық - бұл
достардың, туыстардың қарым-
қатынасы. Әр түрлі тақырып
қозғалады.



Мұғалім қарым-қатынас стилдері

Авторитарлық стильде оқушы тең дәрежелі емес, педагогикалық әсердің объектісі ретінде қарастырады. Мұғалім шешімді өзі қабылдайды, жағдайды және оқушылардың пікірін ескермей талап қояды.

Демократиялық стиль. Оқушылар қарым- қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен бірлесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді. Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді.

Либералды стиль. Мұғалім шешім қабылдаудан бас тартады, барлығын оқушыларға, қызметтестеріне ысырады. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және бақылау жүйесіз жүзеге асады, шешімсіздік, толғаныс байқалады.

Қарым – қатынас формалары:

- Тікелей
- Жанама
- Тұлғааралық
- Вербальды
- Вербалды емес



Тікелей

Бір адамнан екінші
адамға ақпарат
алмасуы

Жанама

Ақпаратты жеткізіп
отыратын қосымша
делдалдың қатысуымен
ерекшеленеді.

Тұлғааралық

Адамдардың бір – бірінің
индивидуальды ерекшеліктерін
білумен, жаңашырлықтың, түсінушіліктің,
өзара әрекеттесушіліктің
болуымен сипатталады.

- Зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, адам қарым-қатынасының күнделікті актісіндегі сөздер оның 7% құрса, дыбыстар мен дауыс ырғағы 38% , сөйлеу тілінің қатысынсыз жүрген әсер 55% құрайды екен.
- Адамның ішкі күйін бейнелейтін бет әлпетіндегі бұлшық еттерінің қозғалыстары, оның күнделіктерінің шынайы мәнін табыс етеді. Үмдар ақпараттың 70% құрайды, яғни адамның көздері, көзқарасы, бет-әлпеті оның айтылған сөзінен бетер анықтама бере алады. Ал адамның маңдайы, қасы, аузы (ерні, көзі, мұрны, иегі) оның түр негізгі эмоцияларын анықтайды.



✓ ***Вербальды қарым – қатынас***

сөздің дыбыстық көрінісі

дауыстың ырғақтылығы

✓ ***Вербальды емес қарым – қатынас***

кинесика (жест, мимика, пантомимика)

таксика

проксемика



*Жест – адамның
сезімдері мен эмоцияларының
сыртқа қол – аяқтың
қимылдары арқылы көрінуі.*



Мимика – адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқа бет - алпетінің қимылы арқылы көрінуі



- **Пантомимика** – адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқа дене қалпының қозғалысынан, позасы мен жүріс – тұрыстарынан көрінуі.



Рис. 176.

- **Таксика** – қол алысу, шапалақтау, сүю, сипау, итеру құбылыстары.



Проксемика — адамдардың қарым — қатынас кезіндегі кеңістікте орналасуын қарастырады.



Тұлға аралық кеңістіктегі қарым-қатынас дистанциялары:

*Түрлі жағдайлардағы бір-біріне жақындасу
нормасы:*

- 0-45 см. Жақындық ара қашықтығы (ерлі
зайыптылар, достар, туыстар).

- 45-120 см. Тұлғааралық қашықтық
(әріптестер, таныстар).

- 120-400 см. Әлеуметтік ара-қатынас
(мұғалім мен оқушы, сатушы және сатып
алушы).

- 400-750 см. Қоғамдық дистанция.



Тест: «Сізбен қарым - қатынасқа түсу жағымды ма?»

Нұсқау: Сауалнаманың мазмұнын оқып, “иә” және “жоқ” жауаптары бойынша жауап бересіз.

1. Сіз сөйлегенге қарағанда тыңдағанды жақсы көресіз бе?
2. Сіз кез-келген бейтаныс адаммен сөйлесу үшін ортақ тақырып таба аласыз ба?
3. Сіз әңгімелесушіңізді әрдайым ұқыптылықпен тыңдайсыз
4. Сіз кеңес бергенді жақсы көресіз бе?
5. Егер әңгімелесушіңіздің әңгімесі сізге қызықсыз болса, сіз оны оған көрсетесіз бе?
6. Сізді тыңдамай отырса қапаланасыз ба?
7. Сіздің кез-келген сұрақ бойынша өз жауабыңыз бар ма?
8. Егер әңгімелесу тақырыбы сізге таныс болмаса, оны одан әрі өрбітесіз бе?
9. Сіз назарда болғанды ұнатасыз ба?
10. Жеткілікті білімім бар дейтіндей 3 пәнді атай аласыз ба?
11. Сіз жақсы ораторсыз (сөзшең) ба?

Егер сіз 1,2,3,6,7,8,9,10,11 сұрақтарына “иә”, ал 4,5 сұрақтарға “жоқ” деп жауап берсеңіз, онда әрқайсысын 1 ұпай деп есептейсіз.

1 - ден 3 ұпай – айту қиын, сіз бір сөз айтқыза алмайтын тұйық адамсыз немесе өзгелерді қашуға дейін мәжбүрлейтін шектен тыс қарым –қатынасшылсыз. Сізбен қарым –қатынасқа түсу үнемі жағымды емес, тіпті кейде қиын. Сізге бұл жөнінде ойланған дұрыс.

4-тен 8 ұпай – сіз, мүмкін қарым-қатынасшыл адам болмассыз, бірақ әрдайым – ұқыпты, әрі жақсы әңгімелесушісіз. Сіз зауқыңыз соқпағанда, алаңғасар бола аласыз, бірақ осы сәттерде қоршаған адамның сізге көңіл аударуын талап етесіз.

9-дан 11 ұпай – сіз адамдармен қарым-қатынаста ең жағымды адамның бірісіз. Достарыңызға сізсіз қиын болады. Бұл керемет.

«Суреттер көрмесі»










Рис. 5



«Шеңбер жылдамдығы»

- Егер де мен, ашулы болсам, онда...
- Егер де мен таң қалсам, онда...
- Егер де мен қорықсам, онда...
- Егер де мен қуанышты болсам, онда...

Ойланайық осы жағдайда өз эмоция мен сезімімізді көрсетейік.

Тест тапсырмалары

Рефлексия

1. Сабақта сізге не жаңалық болды?
2. Сабақта сізге не ұнады?
3. Не үйрендіңіз?
4. Қай жерлерін мүлдем ұқпадыңыз?

